

Монастыр ауылындағы көшеге атын беру туралы

Ақмола облысы Жақсы ауданы Ешім селолық округі әкімінің 2009 жылғы 9 шілдедегі № 10 шешімі. Ақмола облысы Жақсы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 тамызда № 1-13-96 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Занының 14 бабы 4 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Занының 35, 37 баптарына сәйкес, Монастыр ауылының тұрғындарының пікірін есепке ала отырып, Ешім ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Монастыр ауылындағы көшеге Тауасар көшесі аты берілсін.
2. Шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім Жақсы ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

А.Искаков